

**М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БАСҚАРМАСЫ**

**2024-2025 оқу жылына арналған
әлеуметтік - тәрбие жұмысы бойынша
Ж Ы Л Д Ы Қ Е С Е Б І**

Тараз, 2025ж.

**Әлеуметтік жұмыс басқармасының 2024-2025 оқу жылында атқарылған қоғамдық
саяси, әлеуметтік-мәдени және спорттық іс-шаралар туралы
АҚПАРАТЫ**

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің Әлеуметтік жұмыс басқармасының негізгі мақсаты – университетте әлеуметтік-тәрбие жұмысын ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау болып табылады. Университет студенттеріне заманауи тәрбие беру, патриоттық сезім мен рухани құндылықтарды қалыптастыру, әлеуметтік қолдау көрсету, ақпараттық-насихаттық жұмыстар жүргізу, салауатты өмір салтын насихаттау және мәдени-танымдық бағыттағы іс-шараларды жүзеге асыру басқарма қызметінің басты бағыттары болып саналады.

2024–2025 оқу жылында Әлеуметтік жұмыс басқармасы студент жастармен қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени, құқықтық және салауатты өмір салтын насихаттау бағытында ауқымды жұмыстар атқарды. Басқарма қызметі ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы заңына, университеттің ішкі тәрбие тұжырымдамасына және стратегиялық құжаттарға негізделіп отырып ұйымдастырылды. Жыл көлемінде барлығы **429** іс-шара өткізіліп, оған мыңдаған студенттер қамтылды.

Негізгі бағыттар бойынша:

1. Жастар саясаты бағыты – **57**;
2. Азаматтық-патриоттық тәрбие бағыты – **78**;
3. Рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық тәрбие бағыттары – **102**;
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық тәрбие бағыты – **58**;
5. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты – **33**;
6. Шығармашылықты дамыту бағыты – **23**.
7. Қаржылық сауаттылық және лудоманияның алдын алу – **18**
8. Нашакорлықтың жастар арасында таралуына жол бермеу - **25**
9. Студенттердің менталды денсаулығы бойынша - **35**

Жастар саясаты бағыты бойынша Дулати университетінде жастардың өзін-өзі басқаруын, көшбасшылық қабілетін дамыту және бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында бірқатар белсенді ұйымдар қызмет атқарады. Атап айтқанда, «DULATY talks» медиа клубы, «ENACTUS-DULATY» жастар клубы, «DU-universe» капсульді клубы, «Жас әдебиетшілер» клубы, «Green Life» экоклубы, «Жансыр» клубы, «Жасын», «Айша», «Бәйтерек», «Тараз әдеби жастар» клубтары мен «Дулатидің жастары» студенттік театры тұрақты жұмыс істейді. Аталған клубтар мен ұйымдардың өзара байланысын нығайту және ақпарат алмасуын тиімді ұйымдастыру мақсатында арнайы WhatsApp желілік чаты құрылып, академиялық топ кураторларымен тұрақты жұмыс жолға қойылды. Студенттердің оқу үдерісін басқарудағы құқықтарын қорғау, қоғамдық белсенділіктерін арттыру, әлеуметтік маңызы бар бастамаларды жүзеге асыру мақсатында 1500-ге жуық студент қамтылған Студенттік Парламент құрылып, оның құрамында 6 студенттік деканат және 3 жатақханада студенттік кеңестер қызмет етеді. Қазіргі таңда университетте 10 жастар ұйымы жұмыс істейді:

- «DU UNION» студенттік парламенті;
- «Жастар Рухы» көпсалалы жастар ұйымы;
- «DU-UNIVERS» көпсалалы жастар ұйымы;
- «Қазақстан Студенттерінің Альянсы» жастар ұйымы;
- «Dialog Dulaty» ҚХА жастары ұйымы;
- «Жайдарман» КТҰ;
- «Еркін ойлар алаңы» ИПҰ;

- «Фемида» жастар ұйымы;
- «Біз біргеміз!» волонтерлік ұйымы;
- «ҰЯ» волонтерлік ұйымы;
- «10ted.dulaty» көпсалалы жастар ұйымы;
- «ЛЕП» қыздар ұйымы;

Аталған ұйымдар университет өміріне белсене араласып, түрлі бағыттағы іс-шаралардың ұйымдастырушысы болып келеді.

2024–2025 оқу жылында «Жастармен жұмыс» бағыты аясында 202-ға жуық іс-шара өткізілді. Жастармен жұмыс бөлімінің үйлестіруімен студенттік деканаттар мен жастар ұйымдарының қызметі белсенді түрде жүргізілуде. Студенттердің қоғамдық өмірге белсене қатысуын арттыру мақсатында атқарылған жұмыстар нәтижесінде университетімізде 1500-ден астам белсенді жас тіркелген. Олар оқу орнының әлеуметтік, мәдени және тәрбие бағытындағы іс-шараларына белсене қатысып, университеттің дамуына өз үлестерін қосып келеді. Жастармен жұмыс бөлімінің жоспарына сәйкес әртүрлі бағыттағы тәрбиелік және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, студенттер арасында азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие беру, рухани-өнегелі құндылықтарды насихаттау, жастардың әлеуметтік құқықтарын қорғау және ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу тұрақты түрде жүзеге асырылды. Сонымен қатар студенттердің білімге деген ынтасын арттыру, жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру, экологиялық мәдениет пен салауатты өмір салтын насихаттау бағытындағы жұмыстар да назардан тыс қалмады.

Азаматтық-патриоттық тәрбие бағыты бойынша 2024–2025 оқу жылында университетте азаматтық-патриоттық тәрбие бағытында жалпы саны - 78 түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, студенттердің отансүйгіштік сезімін арттыруға, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған жұмыстар атқарылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «2024 жылғы 6-қазанда республикалық референдум өткізу туралы» жарлығы аясында атом электр станциясын салудың қажеттігі мен тиімділігі туралы факультет студенттеріне Облыстық «Атамекен» партиясы жанынан құрылған штаб мүшелерімен кездесу, «Ауғанның от жалыны» тақырыбында ауған соғысы ардагерлерімен кездесу, «Жаса қазақ, жаса Қазақстан» атты салтанатты жиын, «Тәуелсіздіктің биік тұғыры», «Еркіндіктің шуағы», «Ана тілім-айбыным» атты мерекелік кештер, "Арманымдағы Қазақстан" эссе байқауы, «Ұлттық мұра» интеллектуалды ойыны, «Мықты отбасы-мықты мемлекеттің кепілі», «Тіл мерейі, ел мерейі» атты кураторлық сабақтар, «Тәуелсіз елдің патриотымын» атты патриоттық танымдық сабақтар өткізілді. Облыстық филиалы жанындағы «Жастар Рухы» Жастар қанатының ұйымдастыруымен «Сарбаз болғым келеді» акциясы аясында Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай «Ердің ерлігі ұмытылмайды» тақырыбында жиын өткізілді. Аталған жиынға «Бауыржантану» ҒЗО директоры, Бауыржан Момышұлының немере інісі Момынкүл Бекет Әділдаұлы және отставкадағы полиция подполковнигі Жамбыл облысы ішкі істер органдары мен Ұлттық Ұлан ардагерлер ұйымының төраға орынбасары А.А.Арқабаев қатысты. «Туған жердің төсінде» атты этнос өкілдері арасында квест ойындары өткізілді.

Рухани-адамгершілік, әлеуметтік-қоғамдық, эстетикалық тәрбие бағыттары бойынша студент жастардың бойына рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру — тәрбие жұмысының маңызды бағытының бірі. Бұл бағыт аясында әр адамның жеке тұлғалық қабілетін дамыту, мінез-құлқын жетілдіру, қоғамға, Отанға, еңбекке деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсат етіледі.

Университетіміздің басты рухани-танымдық орындарының бірі — «Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы музейі». Бұл музейге студенттердің қызығушылығын арттыру, тарихи тұлғаның өмір жолы мен еңбектерін таныстыру мақсатында оқу жылы барысында бірнеше

экскурсия ұйымдастырылды. Факультеттің 1–4 курс студенттерінен жалпы 6220 студент музейге келіп, экскурсияға қатысты. Студенттерге Мұхаммед Хайдар Дулати бабамыздың ғылыми мұрасы, әдеби шығармалары мен ел тарихындағы орны туралы мағлұматтар берілді. Музейге бару барысында - студенттер тарихи жәдігерлермен танысты, Ұлы ойшылдың еңбектерінің көшірмелерін тамашалады, ұлттық рухты көтеретін тәрбие сағаттары өткізілді. Бұл шаралар жастардың тарихи танымын арттырып, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында сөйлеген сөзінде «...Теріс ағымдарға, қазақтың болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою қажет екеніне еш күмән жоқ. Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды...» - деп қоғамдағы діни ахуалға және жастардың діни сауаттылығын арттыру мәселесіне көп мән беруде.

Осыған орай, Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша барлық факультеттерде және №1, №3 жатақханада студенттердің діни сауаттылығын арттыру және діни экстремизмнің алдын-алу бойынша **34** іс-шара өтілді. Еліміздегі конфессияаралық келісімді сақтау мақсатында профессор-оқытушылар құрамы мен студент жастарға дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезін дамытудың 2023-2033 жылдарға арналған тұжырымдамасы» тақырыбында дін саласындағы республикалық дөңгелек үстел, «Жаһандану үдерісіндегі адамның ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелігін сақтау мәселесі» тақырыбында облыстық ауқымды дөңгелек үстелдер өткізілді.

Әлеуметтік жұмыс басқармасының бас маманы Б. Алпысбаевтың «ABAI.KZ» Республикалық интернет-порталында «Қазақ ойшылдардың еңбектеріндегі рухани тәрбие негіздері», «Діни фанатизм – қауіпті құбылыс», Дәстүрлі ислам – ұлттық бірегейлікті танытатын басты құндылық», "Дінде зорлық емес, даму бар", «Хәкім Абайдың діни ой-пікірлері» тақырыбында танымдық мақалалары және Жамбыл облысы әкімдігі Дін проблемаларын зерттеу орталығына қарасты «RUQN MEDIA» телестудияда түскен видеосұхбаты жарияланды.

Университет студенттері арасында дінге деген көзқарасты, діни сауаттылық деңгейін, рухани құндылықтарға деген қатынасын анықтау мақсатында «Студент жастардың діни ұстанымдарына талдау жасау» тақырыбында онлайн сауалнама жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық тәрбие бағыты бойынша

Университетте жастар арасында жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында жүйелі түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 2024-2025 оқу жылында **58** ауқымды іс шара өткізілді.

Студент жастардың жемқорлыққа қарсы белсенділігін арттыру бағытында түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Жемқорлыққа қарсы диалог алаңы» атты ашық пікірталас алаңдары құрылып, онда заңгерлер, құқық қорғау органдарының өкілдері және белсенді жастар жемқорлықтың алдын алу жолдарын талқылады. Бұл кездесулерде студенттерге жемқорлықтың құқықтық, әлеуметтік салдары туралы кеңес беріліп, өз ойларын ашық білдіруге мүмкіндік жасалды. Сонымен қатар, «Адалдық сағаты» форматындағы іс-шараларда студенттерге адалдықтың маңызы мен парақорлықтың зияны түсіндіріліп, заңға қарсы әрекеттердің салдары туралы толық ақпарат берілді. «Жемқорлыққа қарсы диалог алаңы» – заңгерлер мен құқық қорғау өкілдерінің қатысуымен пікірталас өткізілді. «Адалдық сағаты» – жемқорлықтың құқықтық және әлеуметтік салдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Университет жастары «Парасат елшісі» республикалық байқауына қатысып, бас жүлде иеленді. Психологтар мен заңгерлер қатысқан тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылып және интерактивті воркшоптарда жемқорлықпен күрес жолдары талқыланды. Атап айтсақ;

Дулати университетінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департамент қызметкерлерінің қатысуымен студенттерге «Сыбайлас жемқорлықты алдын алудағы студент жастардың рөлі», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру», «Академиялық адалдықты сақтау – ортақ міндет», «Жемқорлыққа – жол жоқ!» тақырыптарында конференциялар мен кездесулер ұйымдастырылды. Кездесу барысында мамандар нақты мысалдер келтіре отырып, сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық түрлері мен заңнамалық жауапкершілік туралы ақпарат берілді.

Жастармен жұмыс бөлімінің «ұйымдастырумен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған «Жемқорлық қоғам дерті» атты қысқаметражды фильм түсірілді. Аталған бейнефильмнің негізгі мақсаты – студент жастардың назарын сыбайлас жемқорлықтың өзекті мәселелеріне аудару, құқықтық сауаттылығын арттыру және жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсері мен зардаптарын түсіндіру болып табылады.

Жалпы, университетімізде жемқорлыққа қарсы жұмыс жасалатын барлық іс-шаралар студенттердің құқықтық сауаттылығын көтеруге, жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттауға, сондай-ақ жастарды әділдікке баулуға бағытталды. Бұл шаралар студенттердің қоғамдағы белсенді рөлі мен заң алдындағы жауапкершілігін арттыруға ықпал етті.

Кураторлық жұмысы бойынша институт директоры, факультет декандарының бұйрығына сәйкес – **535** академиялық топқа – **384** куратор бекітіліп, 1 институт, 6 факультет бойынша директор, декан орынбасарларының және аға кураторлардың жұмысы үйлестірілуде. Бүгінгі күнге дейін – **8140** кураторлар сағаты өтіліп, хаттамаланды.

Куратордың қызметін, оқу жылы барысында академиялық тобымен атқарылған жұмысын дәлелдеуші құжаттың бірі «Куратор журналы». Аталған құжатта топ кураторларының тәрбие жұмысының барлық бағыттары бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарланып, әрбір студенттерге жеке әлеуметтік психологиялық карта, сондай-ақ отбасын құрған және әлеуметтік жағдайы төмен студенттердің жеке карталары толтырылып, студенттердің оқу процесі үздіксіз қадағаланып отырады. Әр жаңа оқу жылында кураторларға тиімді әрі ыңғайлы болуы үшін, жыл қорытындысын есептеу кезеңіндегі топ кураторларының ұсыныстарына сәйкес «Кураторлар журналына» өзгертулер мен толықтырулар жасалынады. «Куратордың жұмыс жоспары» журналында тәрбие жұмысының бағыттары толық қамтылған. Жыл ішінде жоспарланатын мерекелік іс-шаралардың оқиғалар қатары кураторлық сағаттарында өткізіледі.

Университет кураторларының психологиялық-педагогикалық және әдістемелік құзіреттіліктерін жетілдіру мақсатында **Кураторлар мектебінде 2024-2025 оқу жылының I-жартыжылдығында ZOOM платформасы арқылы 81 оқытушы біліктілігін арттырып, сертификат алды.**

Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша «2024-2025 оқу жылының барысында университетте салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында **33** іс-шара ұйымдастырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жастар арасында денсаулықты нығайту, дұрыс тамақтану, зиянды әдеттерден аулақ болу, сондай-ақ дене белсенділігін арттыру мақсатында жүргізілді. Барлық факультеттерде, жатақханаларда Дені сау ұрпақ-тәуелсіз елдің болашағы», «Жұқпалы инфекциялы аурулардан сақтану жолдары», «**Зиянды заттардың зардабы**» тақырыбында семинарлар мен тренингтер университеттің медициналық пункті мамандары мен қалалық емхана дәрігерлерінің қатысуымен өтті. Зиянды әдеттердің алдын алу бағытында «Зиянды заттар - адам өмірінің басты қаупі», «**Есірткісіз болашақ**» атты жастарға арналған семинар, **Есірткіге жол жоқ**» «**Нашақорлық-ғасыр дерті**, «**Нашақорлық-қоғамдық дерт**» тақырыбында Жамбыл облысы наркологиялық диспансерінің нарколог-дәрігерімен кездесулер – темекі, ішімдік, энергетикалық сусындардың зияны туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Психологиялық тұрақтылықты дамытуға бағытталған «Өмір сен маған қымбатсың!»

психологиялық тренинг, «Өмірім мүмкіндігім», «Күйзелістен арылу тәсілдері» т.б. тақырыптарда студенттерге арналған мотивациялық кездесулер мен стрессті басқару тренингтер мен факультетаралық спорттық эстафета өтті.

Жастармен жұмыс бөлімінің құрамындағы «Біз біргеміз» волонтерлік клубы, «Жамбыл облысы еріктілер қозғалысы» волонтерлік клубы, «Панорама» ақпараттық орталығы қоғамдық бірлестігі және барлық факультеттердің белсенді студенттердің қатысуымен «Қоршаған ортаны қорғау» акциясы аясында оқу корпустардың алдын тазалау және қоқыстарды шығару болса, «Қарттарым қазынам» акциясында белсенді студенттер қарттар үйіне барып әлеуметтік және медициналық көмек көрсету шаралары ұйымдастырылды.

Шығармашылық бағытты дамыту бойынша 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес жастардың арасынан дарындыларын анықтау, шығармашылыққа және белсенділікке тарту мақсатында Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының жүргізген үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде вокал, сән студиясы «DU models», жүргізушілер мектебі, хореография студиясының «Бинар» және «Blesting» қазіргі заманауи би топтары құрылып, кестелерге сәйкес сабақтары жүргізіліп, іс-шараларда өнер көрсетуде. Қазіргі таңда Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының студияларына барлық факультеттерден қатысатын **255** студент қамтылған.

Факультеттер бойынша шығармашылық студияларға қатысатын студенттер саны

№	ФАКУЛЬТЕТТЕР	Филология және әлеуметтік ғыл.ф.	Педагогика және гум. ғыл.ф.	Жаратылыстану ғыл.фак.	Технологиялық факультет	Экономика және құқық фак.	Дене шынықтыру	Барлығы
	СТУДИЯЛАР							
1	Вокал студиясының жетекшісі Қанарбек Алия	15		4	2	4	3	17
2	Орталық хореография студиясының жетекшісі Шахшамбаева Алия		1	3	2	4	2	16
3	Сән студиясының жетекшісі Түймебай Акерке			2	4	19		26
4	Жүргізушілер мектебі Искараева Светлана	10	1	4	8	16	7	50
Барлығы:		31	14	21	34	58	40	219

2024 жылдың 6 қазанында өткен "KERUEN SARAY" халықаралық би байқауында университеттің "BI-NAR" би ансамблі бас жүлдеге ие болып, Ташкент қаласына жолдама жеңіп алды. Сонымен қатар, «Томирис» би тобы облыстық «Айша бибі» байқауында 1 орынды иеленді. Ұлттық өнерді насихаттау мақсатында құрылған «Дастан» қазақ ұлттық аспаптар ансамблі мен «Дулати серілері» тобы сәтті жұмыс атқарып келеді. Вокал студиясы аясында «Наз қоңыр» триосы мен «Қорқыт» квартеті белсенді өнер көрсетуде. Ал 2 курс

студенті Ернұр Сапиев «Тараз дауысы – 2024» байқауында бас жүлдені иеленді. Халықаралық әйелдер мерекесіне орай облыстық деңгейде университетаралық «Үкілі ару – 2025» атты сұлулық байқауы ұйымдастырылды. Іс-шара Тараз қаласындағы Ы. Дүкенұлы атындағы мәдениет үйінде өтті. Байқауға 1000-ға жуық көрермен қатысты. Университетімізден 3 ару қатысып, жоғары дайындық пен өнер көрсетудің үлгісін танытты. Нәтижесінде, Филология және гуманитарлық ғылымдар факультетінің 3-курс студенті Бакберген Әдемі «Бас жүлдені» иеленіп, «Үкілі ару – 2025» атағын жеңіп алды. Сонымен қатар, Экономика және құқық факультетінің студенті Ермек Аяулым байқауда 2-орынды иеленді. 117 студенттен құралған шығармашыл жастар университеттің барлық мәдени-көпшілік шараларына белсене қатысып, өз өнерлерімен танылуда.

Жыл бойы орталықтың ұйымдастыруымен ауқымды бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. «Жас талант – 2024» факультетаралық байқауына 120-дан астам студент қатысып, таланттарын ортаға салды. 1 курс студенттерін қабылдауға арналған «DUFEST – 2024» жастар кешіне 1200-ге жуық студент қатысып, облысқа танымал өнер ұжымдары көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сонымен қатар, Білім күніне арналған «Білім алаңында» кеші жоғары деңгейде өтіп, білім кілті мен студенттік билеттер салтанатты түрде табысталды.

Республика күніне орай 2024 жылдың 25 қазанында «ЖАСА ҚАЗАҚ, ЖАСА ҚАЗАҚСТАН!» атты салтанатты жиын өткізілді. Шараның басты мақсаты — студент жастардың бойында ұлттық патриотизм мен отансүйгіштік сезімін нығайту, мемлекеттік рәміздерге, ел тарихына құрмет қалыптастыру. Салтанатты кеш Мемлекеттік Тудың сахна төріне шығуымен басталып, Қазақстан Республикасының Әнұраны шырқалды. Жиынды университет ректоры ашып, мерекемен құттықтап, профессор-оқытушылар мен қызметкерлердің еңбегін атап өтіп, құрмет көрсетті. Салтанатты жиын барысында жастар патриоттық әндер орындап, ұлттық құндылықтар насихатталды. Шара аясында Отанға деген сүйіспеншілік, бірлік пен бейбітшіліктің маңыздылығы дәріптеліп, еліміздің халықаралық аренадағы абыройы жайлы ой қозғалды. Іс-шара университет өнерпаздарының рухты көтеретін ән-жырларымен жалғасып, студент жастарға жігер мен патриоттық серпін сыйлады.

2025 жылдың 21 наурыз күні Тараз қаласының Достық алаңында кең көлемде «Қош келдің, Әз-Наурыз» атты мерекелік салтанатты кеш ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – ұлттық салт-дәстүрлерді ұлықтау, халық бірлігі мен достықты насихаттау. Мерекелік кеш аясында ұлттық спорттық ойындар көрсетіліп, дәстүрлі ән-күй бағдарламасы ұсынылды. Қатысушылар мен көрермендер үшін қазақ халқының бай мәдени мұрасын танытатын қойылымдар мен көрмелер ұйымдастырылды. Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, көпшіліктің көңілінен шықты.

Сондай-ақ, орталықтың ұйымдастыруымен «SMART & BEAUTIFUL», «Дулати аруы – 2025» сұлулық байқауы мен «Би ұрпағы – Dance Fusion» қалалық байқауы өткізіліп, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытатын алаңдар кеңінен қамтылды.

Қаржылық сауаттылық және лудоманияның алдын алу бойынша 2024-2025 оқу жылында университетте студент жастардың қаржылық сауаттылығын арттыру және лудоманияның (ойынқұмарлықтың) алдын алу мақсатында жоспарлы түрде 18 іс-шара ұйымдастырылды.

Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті Ұйымдастыру-бақылау басқармасының бастамасымен Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Жамбыл облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының міндетін атқарушы Руслан Сатыбалдиев, Криминалистикалық бөлімнің басшысы Мақсат Байдалиев, аса маңызды істер жөніндегі тергеуші Жағыпар Исатаев және университеттің бітіруші курс студенттері қатысты. Іс-шараның негізгі мақсаты – студент жастарға экономикалық және қаржылық

қауіпсіздік, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, көлеңкелі экономиканың зияны және құқықтық жауапкершілік мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Кездесу барысында мамандар нақты мысалдар келтіре отырып, заң бұзушылықтың салдары мен қаржы саласындағы тергеу жұмыстарының ерекшеліктері туралы баяндады.

Сонымен қатар, «Қаржылық сауаттылық – заман талабы», «Қаржылық сауаттылық және қауіпсіздік: табысты өмір кепілі», «Интернет алаяқтықтың алдын алу жолдары», «Банктік мәселелерді болдырмау» және адвокаттық істерге қатысты арнайы мамандармен семинар, «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Интернет алаяқтықтың түрлері мен жасалу тәсілдері. Алдын алу іс шаралары» тақырыптарында құқық қорғау өкілдерімен кездесулер өткізілді.

Педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету жұмыстары бойынша

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің психологиялық қызмет көрсету жұмысы Әлеуметтік жұмыс басқармасы және профессор Е.Қонақбаев атындағы педагогикалық-психологиялық қолдау ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен жүргізіледі. Психологиялық қызметті психолог маманы Бүйембаева Ш.Б.бекітілген жоспарға сәйкес жүргізіп келеді

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖОСПАРЫ БОЙЫНША ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАР:

1. Ұйымдастырушылық – әдістемелік кешені;
2. Психодиагностикалық бағыт кешені;
3. Психокоррекциялық және психотерапиялық бағыт кешені;
4. Психологиялық алдын-алу және ағарту бағыты бойынша шаралар кешені
5. Психологиялық кеңес беру бағыты бойынша шаралар кешені

2024-2025 оқу жылына жасалған «Суицид жағдайы және оның алдын-алу» жол картасының басты мақсаты – студенттерде өмірдің мәні, өмірлік құндылықтар, қоғамдағы өз орны, атқаратын міндеті, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігі аясында түсінікті меңгертіп, психикалық денсаулығын қалыптастыруға және де оны сақтап қалуға өз үлесімізді қосуға түрткі болу көзделген болатын.

«Харассмент және жеке шекара» тақырыбында бағдарлама дайындалып, бекітілді. Бағдарламаның басты мақсаты – студенттерге харассмент мәселесіне байланысты түсініктер мен ұғымдар қалыптастырып, әрбір жеке тұлғаның өмірлік құндылықтары мен психикалық денсаулығын қалыптастыруға және де оны сақтап қалуға өз үлесімізді қосуға түрткі болу көзделген. Сонымен қатар қорытындылар жасалды және нәтижелер баспадан шығарылып, әдістемелік нұсқау ретінде факультеттерге таратылды.

Университетте психологиялық қызметтің алатын орны маңызды. Себебі оқу-тәрбие процесінде студенттердің психологиялық денсаулығының даму деңгейін анықтау және жайлы орта орнату арқылы психологиялық денсаулықты сақтау басты назар аударатын мәселе. Ал бұл мәселені тиімді шешу мақсатында Дулати университетінде психологиялық қызметтің жұмыс бағыттарын жүйелі ұйымдастыру арқылы ықпал ете аламыз.

Университеттің студенттері мен қызметкерлері психолог мамандардың көмегіне кез-келген уақытта университет сайтында <https://dulaty.kz/psychological-service-kz> көрсетілген байланыс телефондары мен электрондық пошталары арқылы психологиялық кеңес алуға мүмкіндіктері бар.

Студенттер үйінде атқарылған жұмыстар бойынша университетінің 3 студенттік жатақханада жалпы 1118 орын бар. №1 Студенттік жатақхана (Төле би, 60)– 510 орын, №2 Студенттік жатақхана(Сәтпаев, 25) – 186 орын, №3 Студенттік жатақхана (Жамбыл даңғылы, 16 А) – 422 орынды қамтиды. Студенттік жатақханаға орналасу «Жоғары оқу

орындарындағы білім алушыларға жатақхана беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (ҚР БЖФ министрінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 189 бұйрығына) сәйкес ұсынылады.

Студенттік жатақханалардағы орындарды бөлу арнайы құрылған комиссия (Басқарма төрағасы-Ректордың №15-37/6-1/284 15.08.2023ж. бұйрығы) отырысында қарастырылады. Конкурстық комиссия жатақханалардағы орындарды бөлуді негіздемелер мен кезектілікті ескере отырып, мынадай тәртіппен жүзеге асырады: мүгедектер қатарынан мүмкіндігі шектеулі адамдар; бала кезден мүгедектер; I және II топтағы мүгедектер; мүгедек балалар; жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар; ата-анасының екеуінде де немесе бірінде мүгедектігі барлар; ауыл жастары қатарынан шыққан, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға оқуға түскен адамдар; ҚР азаматтары болып табылмайтын «оралмандар»; «Алтын белгі» иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар; ҰБТ қорытындылары бойынша жоғары балл жинаған мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға қабылданған бірінші курс білім алушылары; білім алушылар қатарындағы шетелдік азаматтар халықаралық және үкіметаралық шарттарға сәйкес жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етіледі.

Тәрбиелеу процесінде рухани-адамгершілік мәдениетті кешенді жоспарлау, эстетикалық тұрғыдан дамыту және салауатты өмір салтын қолдау жүйесі қалыптасқан. Жатақхана студенттері уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында түрлі патриоттық, рухани, салауатты өмір салтын насихаттайтын іс шаралар ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңына (ҚР 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V) сәйкес, университетінің студенттері үшін жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, студент жастардың жатақханадағы өмір сүру сапасын жақсарту, университет асханаларының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын санитарлық талаптарға сай екендігін анықтау мақсатында 2024 жылдың 14-17 қазан аралығында университет жатақханаларында ішкі аудит пен мониторинг жұмыстары жүргізілді. Ішкі аудит процесінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша студенттік жатақхана коменданттары жұмыс жасауда.

2024-2025 оқу жылында студенттік жатақханаларда өткізілетін іс-шаралардың жұмыс жоспары бекітіліп, іс шаралар жоспарға сәйкес өткізіліп тұрады. Қыркүйек айында Әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыруымен №1, №2, №3 студенттер жатақханаларындағы кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің қылмыстық құқық бұзушылыққа және қаңғыбастыққа салынуының алдын алу мақсатында іс-шара ұйымдастырылды. Қазан айында Әлеуметтік жұмыс басқармасының психологы Ш.Б. Бүйембаева және дінтану бойынша бас маманы Б.Қ. Алпысбаев №3 жатақхана студенттеріне қоғамдағы жастардың тәрбиесіне кері әсерін тигізетін ойынқұмарлық және діни экстремизм көріністерінің алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай, студент жастар арасында құқық бұзушылықтың, оқыс оқиғаның алдын алу үшін университет жатақханаларында 14-16 желтоқсан күндері профессор оқытушылардың Барлық өткізілген іс шаралар университетінің ресми сайтына және әлеуметтік желілерге жарияланып тұрады.

Инклюзивті білім беру бойынша

Университетте инклюзивті білім беру жүйесін дамыту мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылды. Қазіргі уақытта **148** мүгедектігі бар студент білім алуда. Олардың ішінде тірек-қимыл аппараты бұзылған I, II және III топтағы студенттердің оқу үдерісіне толық қатысуына жағдай жасалған. Атап айтқанда:

- сабақ кестелері қозғалысы шектеулі студенттерге ыңғайлы болуы үшін бірінші қабатта ұйымдастырылды;
- бірінші қабатта кітапхана, асхана, медициналық пункт және арнайы жабдықталған санитарлық тораптар қарастырылған;

- «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімдеу» орталығы арқылы студенттерге психологиялық қолдау көрсетіліп, сабақтан тыс уақытта жеке кеңес беру жүргізілді;

- оқытушыларға инклюзивті әдістер бойынша әдістемелік көмек ұсынылды.

Бұл жұмыстар студенттердің білім алуына тең мүмкіндік жасап, олардың кәсіби және тұлғалық дамуына оң әсер етті.

2024-2025 оқу жылында мүмкіндігі шектеулі жалпы саны -**103** студент жеңілдік алды, оның ішінде мемлекеттік грант бойынша -**59** студент, «Қазақ халқына қамқор қоры» -**31** студент білім алса, **35** студент Дулати университетінің оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдік берілді.

Университетте инклюзивті білім беру бағыты бойынша барлығы 7 іс-шара ұйымдастырылды. Атап айтқанда, қыркүйек айында ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің сұраныстары мен ата-аналардың ұсыныстарын ескеру мақсатында кеңейтілген кездесу өтті. Кездесуге Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ләззат Қалымбекқызы, инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректордың м.а. Бауыржан Мейрамбекұлы, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор Аслан Еділханұлы қатысты. Кездесу барысында мүгедектігі бар студенттерге әлеуметтік қолдау мақсатында 1-топ мүгедектеріне – 100%, 2-топқа – 50%, 3-топқа – 30% көлемінде оқу ақысына жеңілдіктер қарастырылғаны айтылды. Университетте инклюзивті білім берудің барлық талаптарына сай келу үшін педагогтерге арнайы оқыту курстары ұйымдастырылып, ерекше қажеттіліктері бар студенттерге қолайлы орта қалыптастыру бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кездесу соңында ата-аналар өздерін мазалаған мәселелер бойынша сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды. Сонымен қатар, алдағы уақытта осындай кездесулердің жиі өткізілуін сұрап, университет басшылығына ризашылықтарын білдірді.

Университетте қысқы және көктемгі сессиялар кезінде барлық студенттер, оның ішінде мүгедектігі бар білім алушылар үшін қолайлы жағдайлар жасалды. Емтихандарды «Инклюзивті білім берудегі психологиялық бейімделу орталығында» тапсыру мүмкіндігі қамтамасыз етілді. Аталған орталық студенттердің инклюзивті білім алуымен қатар, әлеуметтік-мәдени оңалтуға қолдау көрсетіп келеді.

Мүгедектігі бар студенттер университеттің қоғамдық өміріне белсенді араласуда. Олар спорттың еркін күрес, қол күресі (армрестлинг), арбадағы би, пара пауэрлифтинг және жүзу түрлерінен халықаралық және республикалық жарыстарда үздік нәтижелерге қол жеткізіп, әлем чемпиондары атанған. Сонымен қатар, олар ғылыми-зерттеу және инновациялық байқауларға қатысып, бірнеше мәрте жүлдегер атанды. Бұл жұмыстар инклюзивті ортаның дұрыс қалыптасып келе жатқанын және университеттің мүмкіндігі шектеулі студенттерге тең білім алуға жағдай жасап отырғанын көрсетеді.

Студенттер арасында жүргізілген әлеуметтік зерттеу сауалнамалар туралы

Әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыруымен студент жастардың әлеуметтік жәй-күйін анықтау мақсатында «Google forms» бағдарламасы арқылы онлайн сауалнамалар өткізілді. 2024-2025 оқу жылында **6** сауалнама өткізіліп, оларға жалпы **14 103** студент қатысты. Атап айтсақ,

2024 жылдың 03-09 желтоқсан аралығында, студенттердің әлеуметтік жағдайын анықтау арқылы олардың тұрмыс сапасын жақсарту және қажетті қолдау шараларын жоспарлау мақсатында 1-4 курс студенттері арасында **«Студенттің әлеуметтік жағдайын анықтау»** бойынша қазақ және орыс тілінде онлайн сауалнама өткізіліп, оған жалпы **3746** респондент қатысты. Сауалнама нәтижелері студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында нақты шаралар қабылдауға мүмкіндік берді. Студенттердің пікірлері ескеріліп, алдағы уақытта әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

2024 жылдың 11-18 қараша аралығында университет студенттері арасында дінге деген көзқарасты, діни сауаттылық деңгейін, рухани құндылықтарға деген қатынасын анықтау. Жастардың радикалды ағымдарға бейімділігінің алдын алу, студент жастардың діни

сауаттылығын қалыптастыру, студент жастарға дін саласында ғылыми ақпараттарды беру мақсатында **«Студент жастардың діни ұстанымдарына талдау жасау»** тақырыбында «google.forms» бағдарлама арқылы онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқандар саны – **3331**. Сауалнама нәтижесінде 1%-дан аз студент күмәнді діни ағымдардың идеяларымен таныс екенін және олардың кейбіріне қызығушылық танытқанын көрсеткен. Бұл діни сауаттылықты арттыру бойынша нақты қадамдар қабылдауды қажет етеді. Алдын алу және түсіндіру радикалды бағыттардан сақтау үшін маңызды.

2024 жылдың 09-20 желтоқсан аралығында академиялық адалдық қағидаларын сақтау, студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын анықтау және университетте таза, әділ емтихан сессиясын қамтамасыз ету мақсатында студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы **«Таза сессия»** тақырыбында онлайн сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға қатысқандар саны – **2378**. Негізгі талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлыққа көзқарас - 91%, студент оқу процесінде әділ бағалануды қалайтынын білдірген - 6% студент, бағалау жүйесіне сенімсіздік танытатынын көрсеткен 3% нақты жауап беруден бас тартқан немесе бейтарап көзқарас ұстанған. Сауалнама нәтижелері университет студенттерінің басым көпшілігі оқу процесіндегі әділдік пен адалдықты қолдайтынын көрсетті. Бұл академиялық ортада сенім мен жауапкершіліктің сапасын арттырып, студенттер арасында академиялық әділеттілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

2024 жылдың 09-16 қыркүйек күндері аралығында жатақхана — ауылдан білім қуып келген студент үшін басты қажеттілік мақсатында **«Жатақхананың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын анықтау»** тақырыбында <https://forms.gle/2kaLjXP4z9RXU2tz9> «google.forms» бағдарлама арқылы онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқандар саны – **431** респондент қатысты. Сауалнаманың негізгі мақсаты — жатақханадағы бөлмелердің санитарлық тазалығы, жиһаздардың жағдайы, ортақ пайдаланылатын аймақтардың (ас үй, жуыну бөлмесі, кір жуу орны) қолайлылығы, қауіпсіздік деңгейі, интернет желісінің сапасы және жалпы әлеуметтік атмосфераны бағалау болды. Сауалнама нәтижесінде: - Студенттердің басым бөлігі бөлмелердің жай-күйіне оң баға берді. Ас үй мен санитарлық тораптарға қатысты бірнеше ұсыныстар айтылды, Wi-Fi сапасына байланысты студенттердің бірқатар ескертулері тіркелді.

2025 жылдың 21-27 ақпан аралығында қысқы емтихан сессиясының ұйымдастырылу деңгейіне студенттердің қанағаттану деңгейін анықтау, емтихан процесіндегі ашықтық пен әділдікті бағалау және болашақта жетілдіру шараларын ұсыну мақсатында **«Қысқы емтихан» қорытындысы** <https://forms.gle/QpZkgAPM8Y6egzcY6> «google.forms» бағдарлама арқылы онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқандар саны – **2 139**. Сауалнама нәтижелері қысқы емтихан сессиясының көп жағдайда әділ және ұйымдасқан түрде өткенін көрсетті. Студенттердің басым бөлігі тапсырмалар мен бағалауға қанағаттанған. Алайда кейбір пәндер бойынша түсініксіздік пен техникалық қиындықтар орын алған. Осыған байланысты келесі сессияда сапаны арттыру және студенттердің пікірін ескеру – негізгі міндеттердің бірі болып қала береді.

2025 жылдың 09-14 сәуір аралығында студенттер арасында бейнеойындарға деген көзқарасты және олардың денсаулыққа тигізетін ықтимал кері әсерлерін анықтау мақсатында **«Бейнеойындардың денсаулыққа кері әсері»** тақырыбы бойынша сауалнамасы <https://forms.gle/CAsYEn2AYoiiBg3U9> «google.forms» бағдарлама арқылы онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқандар саны – **2 038**. Сауалнама нәтижелері бейнеойындардың студенттердің денсаулығына жағымсыз әсерлері бар екенін көрсетті. Бұл мәселені шешу үшін бейнеойынға бөлінетін уақытты бақылау, денсаулық сақтау шараларын ұйымдастыру және ақпараттандыру жұмыстары маңызды болып табылады.

Сауалнаманың қорытынды нәтижесі әзірленіп, нәтижелері университет ресми парақшасында және әдістемелік нұсқаулық түрінде факультеттерге таратылды.

Студент жастардың әлеуметтік жай-күйін анықтау бойынша сауалнамалар

№	Әдістемелік нұсқаулар тақырыбы	Жылы	Айы – күні	Респондент саны
1.	«Студенттің әлеуметтік жағдайын анықтау» тақырыбында сауалнама	2024	03-09 желтоқсан	3 746
2.	Студент жастардың діни ұстанымдарына талдау жасау» тақырыбында сауалнама	2024	11-18 қараша	3 331
3.	«Таза сессия» бойынша сауалнама	2024	09 -20 желтоқсан	2 378
4.	«Жатақхананың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын анықтау» бойынша сауалнама	2024	09-16 қыркүйек	431
5.	«Қысқы емтихан» қорытындысы	2025	21-27 ақпан	2 139
6.	«Бейнеойындардың денсаулыққа кері әсері» бойынша сауалнамасы	2025	09-14 сәуір	2 038
БАРЛЫҒЫ				14 103

Білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру жұмыстары Әлеуметтік қолдау көрсету аясында университет студенттері мен магистранттарына оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер ұсыну арқылы білім алуға тең мүмкіндіктер жасау мақсатында.

2024–2025 оқу жылында әлеуметтік санаттарға байланысты студенттер мен магистранттарға оқу ақысын төлеу бойынша бірқатар жеңілдіктер берілді. Комиссия отырысының шешімімен жалпы саны – 209 студент жеңілдікке ие болды. Оның ішінде 194 студент пен 14 магистрантқа жеңілдік әлеуметтік санат негізінде берілді.

Сонымен қатар, 2024 жылғы 24 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің №1 хаттамасы негізінде жаңа жеңілдік беру ережесі бекітіліп, қосымша комиссия отырысы өткізілді. Қаралған өтініштер саны – 280 (268 студент, 12 магистрант).

Жалпы қорытынды бойынша 2024–2025 оқу жылы ішінде оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдік алғандардың жалпы саны – **489** адам, оның ішінде - **462** студент - **27** магистрантты құрайды.

№	Жеңілдіктер беру санаттары	саны
1.	«Алтын белгі» иегерлері болып табылатын мектеп түлектері	6
2.	Ата-анасы жоқ (тұл жетім) студенттерге	8
3.	Қамқоршылары бар жетім студенттерге	7
4.	Ата-анасының біреуі жоқ (жартылай жетім)	107
5.	I топтағы мүгедек студенттерге	7
6.	II топтағы мүгедек студенттерге	4
7.	III топтағы мүгедек студенттерге	24
8.	18 жасқа толмаған 6 және одан да көп баласы бар отбасылардан шыққан студенттерге	66
9.	Білім алушы-спортшылар Әлем, Азия, халықаралық турнир, ҚР чемпионаты, Универсиада, Республикалық турнир жеңімпаздары	101
10.	Магистратураға түскен Дулати университетінің түлектеріне	24
11.	Бір үйден Дулати университетінде оқитын 2 (екі) немесе одан көп студенттерге	38

есеп	Н 7-1.2.01 08.08.2023	
------	--------------------------	--

12.	Университет қызметкерлеріне екінші жоғары білім алу үшін оқу ақысына берілген жеңілдік	15
13.	Дулати университетінің ПОҚ мен қызметкерлерінің балаларына	53
14.	Университетіміздің студенттік декандары мен жастар ұйымдарының төрағасы/төрайымына	7
15.	Университетіміздің шығармашылық студияларының мүшелерінен құралған «Имидждік топ» құрамындағы студенттерге	17
16.	ҚР БҒМ, Дулати университетінің ұйымдастыруымен өткізілген облыстық пәндік олимпиадалардың, интеллектуалдық және шығармашылық байқаулардың, ғылыми жобалардың жеңімпаздарына	3
17.	Әскери борышын өтеген студенттер	2

Аталған жеңілдіктер әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылардың жағдайын ескере отырып, әділ және ашық түрде берілді. Комиссия отырыстары бекітілген ереже негізінде өткізілді, барлық шешімдер хаттамамен рәсімделді.

Жеңілдік пайызы	Адам саны
100 %	36
75 %	4
50 %	25
40 %	5
30 %	138
20 %	147
10 %	93

Студенттер үйі туралы ережесіне сәйкес №1, 2, 3 студенттер үйлеріне ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 7 тұл жетімге және мүмкіндігі шектеулі (I, II, III топтағы мүгедек) 13 студентке 2024-2025 оқу жылында жатақханаларда тегін тұрады.

2024-2025 оқу жылындағы студенттердің әлеуметтік санаты туралы анықтама

Санаттар	2024-2025
18 ге толмаған студенттер саны	891
Көп балалы отбасынан шыққан студенттер саны	1814
Тұл жетім студенттер	60
Жартылай жетім студенттердің саны	616
Мүгедектігі бар студенттердің саны	91
Ата-аналары немесе ата-анасының біреуі I, II, III топ мүгедегі болып табылатын студенттердің саны	95
Өзге ұлт өкілдерінің саны	451
Басқа облыстан келген студенттердің саны	491
Хиджаб киетін студенттердің саны	113
Шетел студенттерінің саны	104
Жатақханада тұратын студенттер (№1, №2, №3)	895

2024–2025 оқу жылында Әлеуметтік жұмыс басқармасы университет студенттерінің тұлғалық дамуына, рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбиесін нығайтуға, сондай-ақ әлеуметтік қолдауға бағытталған жүйелі іс-шараларды табысты жүзеге асырды. Жыл бойына өткізілген іс-шаралар жастардың белсенділігін арттырып, олардың

әлеуметтік жауапкершілігін, құқықтық сауаттылығын, мәдени және этикалық құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті. Алдағы уақытта да басқарма жастармен жұмысты жетілдіруді, инклюзивті орта мен салауатты қоғам құру жолында тиімді жобаларды іске асыруды жалғастырады.

Жылдық жұмыстың нәтижесінде студенттердің бойында әлеуметтік жауапкершілік пен өз ортасына деген құрмет, құқықтық сауаттылық, парасаттылық, адамгершілік қасиеттерді бағалау сынды құндылықтар қалыптасты. Бұл көрсеткіштер басқарманың жұмысының маңыздылығын, жастармен жүргізілген тәрбиелік іс-шаралардың өз нәтижесін беріп отырғанын дәлелдейді.

Әлеуметтік жұмыс басқарма басшысы



А. Ұлтанбаев